

**«ЖЫЛ ҮЗДІКТЕРІ - 2020»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫ**

**ПОРТФОЛИО  
ҚОСЫМША БӨЛІМ**

- **СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА**
- **ШКІРЛЕР**
- **ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ**

**Ақмола облысы,  
Степногорск қаласы, Ақсу кенті,  
«Ақсу кентінің № 2 орта мектебі» КММ  
ОМАРОВА САГДАТ БАКЕНОВНА**

## Сыныптан тыс іс-шара жоспары

### Тақырып:

«Қайырымдылық – жан жылуы»

### Семинардың мақсаты:

Оқушылармен қайырымдылық жасау арқылы бойына ізгілік, қамқорлық, қайырымдылық асыл қасиеттерді дарыту.

### Міндеттері:

– Оқушыларға «қайырымдылық» ұғымының маңызын ұғындыру арқылы ізгілік туралы түсініктерін кеңейту.

– Оқушыларды қайырымдылық іс-әрекеттер жасауға баули отырып, мейірімділік, қамқорлық қасиеттеріне үйрету.

– Оқушыларды айналасындағыларға қайырымдылық жасай білуге тәрбиелеу.

### Оқудан тыс іс-әрекеттердің жобасын өткізудің даярлық жоспары

1. Іс-шараны өткізетін орынды таңдау, мерзімін белгілеу
2. Оқушылар мен ата-аналарды іс-шараның мақсатымен таныстыру.
3. Жүргізілетін іс-шараның жоспарын жасақтау.
4. Жалпыадамзаттық құндылыққа негізделген қайырымдылық іс-шарасын өткізу үшін жоспарды директор бекітеді.

Оқушылар жалпыадамзаттық құндылыққа негізделген «Қайырымдылық – жүрек жылуы» іс-шарасын өткізу үшін, әлеуметтік мұқтаж адамдардың отбасына барып, қамқорлық көрсетті.

### Іс-шараны өткізудің жоспары

1. Баратын үйлердің мекен-жайларын телефондарын алу, келісу.
2. Үйлерге апаратын қажетті заттарды анықтап алу, ол үйлердегі балалардың жас ерекшеліктерін білу.
3. Оқушылардың ізгі тілектерімен сыйлықтарын сыйлауы, рұқсаттарын алып суретке түсу, әңгімелесу.

### Қорытындылау

Өткізген іс-шарамыздың қорытындысын ортаға салу «Нарр Mail» ойын-сауықтыру демалыс орнында өтті. Сол жерге келушілерден сұхбат алып, олардың жауаптарын, көзқарастарын ортаға салып, оқушылар өз пікірлерін айту. Алдағы уақытқа жоспарлау жұмыстары.

**Оқушылардың қайырымдылық, қамқорлық жасауда рухани-адамгершілік көзқарастағы өте маңызды жауаптары: Іс-шарада өткізілген жұмыстарды өте жақсы қабылдады және жұмыстың өте қызықты болғанын айтып, өз бойларына бірнеше жақсы қасиеттерді алғанымен бөлісті.**

Қайырымдылық идеяларымызды қуана отырып іске асырдық. Белгіленген жоспарды түгел жүзеге асыру үшін демалыс күнін таңдадық. Отбасының кішке балаларының қуанғанын көрген оқушыларымыздың көңілдері елжіреп, кейбіреулері көздеріне жас алды.

Апарған заттарын кішкене балалар көріп, қуанып, өлшеп көріп, олардың: **«Мама, смотри это как раз для меня!»** - деген шаттанған сөздерін естіген оқушылардың қуаныштарында шек болған жоқ.

**Оқушылар** өздерінің осындай керемет жұмыс атқарғандарына қуанғаны соншалықты, үш отбасына барып көмек көрсеткеннен кейін, оқушылардың бірін-бірі құшақтап қуанғандарын көргенде, мен де керемет күйде болдым. Осы бір қуаныш сезімдері, қажет болған адамдарға дер кезінде көмек жасай алған жақсылықтарына қуанып, демалыс-сауықтыру орталығына қарай керемет сезіммен бет алдық.

**Назгүлдің:** - «Мұғалім, байқадыңыз ба, анау бала қалай қуанды?»-деген олардың қуанышты да әсерлі пікірі; **Айдананың:** - *«Иә мен оны видеоға түсірдім, біз тағыз келеміз»* - деген сөздерінен өзім де керемет шабыт алып, осындай үлкен де жауапты істі атқарғанымызға риза болдым.

«Нарр Маилл» сауықтыру демалыс орталығына барып, оқушылар өз пікірлерін ортаға салды. Орталыққа келген адамдардан **«Отансүйгіштікті, сүйіспеншілікті қалай түсінесіз?», «Риясыз сүйіспеншілік дегеніміз не?»** - деген сияқты сұрақтарды қойып, сұхбат алды.

Келушілердің жауаптарын бейнежазбаға түсіріп, олардың жауаптарына өз пікірлерін айтты.

**Instagramнан іс-әрекетімізді көрген мұғалімдер көздеріне жас алып:** «Жастарымыздың осындай қайырымды істері жүрегімізді тебіrentті, олардың жүзіндегі қуаныштары бізді елжіретті» - деген жауаптарын естідік.

**Әсіресе оқушылардың** Қазақстан Республикасының жері мен суын шынайы сүйетін, қазақ халқы мен Қазақстанда тұратын барлық халықтардың мүддесі үшін бар күш-жігерін қабілетін аямайтын

# Қамқорлық, қайырымдылық іс-шара



# Мектепшілік қайырымдылық іс-шараға қатысу



# Қайырымдылық іс-әрекеттеріне риза болған оқушылар пікірі



# ҰСТАЗДЫҚ ЖОЛЫМДАҒЫ

## жалпы қорытынды:

Өзімді және өзімнің жүрегімді терең тыңдай білуге септігін тигізген осы курстан алған мәліметтер, мені және менің оқушыларымды әлеуметтің жағдайы төмет отбасыларымен ізгілікті қарым-қатынасты ары қарай құруға және осы әлеуметтік байланысты бағалауға жетелейді.

**«Ұстаз – нағыз патриот болуы керек» - деген ұғымның ең маңыздылығын ашып көрсетті.**

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,

Ұстаз болу – сезімнің ақылдығы.

Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,

Ұстаз болу – адамның асылдығы - деген

**Ғафу Қайырбековтің өлең шумақтарын оқи отырып, өз мамандығымды мақтан тұтамын.**

Мен **Шалва Амонашвилидің**: «Баланы сүю үшін, оларды жүрекпен сүю, махаббатты жарыққа шығаруды үйренген жөн. Оқушының әрбір күні, әрбір сабағы педагогтардан балаларға сыйлық деп ұғыну керек. Педагогтың әрбір қарым-қатынасы оқушыға қуаныш пен қолайлылық орнату керек» - деген сөзін тәжірибемде ұстанамын. Және қазіргі таңда әрбір сабағымды, іс-әрекетімді балаларға сыйлық ретінде тарту етемін!

Менің риясыз сүйіспеншілігімдегі ойым арқылы сүюім – ақиқатты тануға, әрекет арқылы сүюім – дұрыс әрекет жасауыма, сезімім арқылы сүюім – ішкі тыныштығымның орнауына, оны риясыз сүюім – қиянат жасамауға әкеліп жүрегімді, жанымды тазартып, керемет рухани күй кешуге жетеледі. Ендеше «патриот ұстаз» тәрбиелеген оқушылардың Қазақстан Республикасының жері мен суын шынайы сүйетін, қазақ халқы мен Қазақстанда тұратын барлық халықтардың мүддесі үшін бар күш-жігерін, қабілетін аямайтын, Отанын қорғау әрдайым дайын болатын азаматтық белсенділігі жоғары – патриот тұлға болатындарына кәміл сенемін!